

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 29—30(9347—48) || 1954 жылғы 7 февраль Жексенбі || Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Совет халқы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына өндірістік-саяси зор өрлеумен әзірленуде.

Еліміздің еңбекшілерінің сайлау алдындағы округтік кеңестері совет халқының Коммунистік партия мен туысқан Совет Үкметінің төңірегіне берік топталғандығын тағы да айқын көрсетуде.

Көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік

Социалистік егін шаруашылығын мықтан өркендету беруде егіншілердің алдында орасан зор жаңа міндеттер тұр. Ол —СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру, сөйтіп, егіншіліктің мәдениетін мейлінше арттырып, барлық ауыл шаруашылық дақылдарынан тұрақты және мол өнім алуға жетілеу.

Тұтысқан мемлекетіміз қолхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға үнемі қамқорлық жасап, зор көмек көрсетіп келеді. Демек, қолхоздар, МТС-тер мен совхоздар еліміздің өнеркәсіп орындарынан жаңа техниканы жыл сайын көптен алуға. Мұның өзі социалистік ауыл шаруашылығын алда тұрған міндеттер дәрежесіне сай өркендету беруге қолайлы жағдай жасап отыр.

Егіннен тұрақты және мол өнім алу міндетін шешуде көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын барлық жағынан тыңғылықты жүргізудің зор маңызы бар. Көктемгі егіске жақсы әзірлікпен шығу —егістің мемлекет тағайындаған мерзімде, агротехникалық ережелерге сай өткізілуі, егіс жұмыстарының ауа райының ең қолайлы кезінде аяқталуын қамтамасыз етеді. Сөйтіп, егіннің біржылдық көктем шығуына және оның тез жетілуіне мүмкіншілік жасайды. Бұл барлық егіншілерінің жылма-жылғы тәжірибелерінен көрініп келеді.

Көктемгі егіске әзірліктің алуан түрлі жақтары бар. Атап айтқанда — тракторларды және олардың тіркеу саймандарын жөндеу, сондай-ақ, ауылшаруашылық құрал-саймандарын сапалы жөндеуден өткізу, барлық егіс алаңына қажетті тұқымды жеткілікті мөлшерде құйып алу, оны тазартып, егіншілік сапаға жеткізу, қар тоқтату жоспарын белгіленген мерзімде орындау, жергілікті тыңайтқыштарды дегерінше әзірлеу, арба, жегу абзалдерін, қай, жәпік және басқа ыдыстарды дайындау. Міне, осы және бұлардан басқа да егіске әзірлік жұмыстарының барлығы ойдағыдай аяқталмайынша егіс жұмыстарын жоғары дәрежеде өткізуге болмайды.

Жекелеген МТС-тер мен совхоздарда тракторларды жөндеу жұмыстары қызу қарқымен жүргізіліп келеді. Бірақ, МТС-тер мен совхоздардың көпшілігінде тракторларды, сондай-ақ, олардың тіркеу саймандарын жөндеудің барысы өте-өте баяу.

селесіне әлі күнге дейін жете назар аударылмай келеді. Бұған қартоп тұқымын дайындау жоспарының Октябрь ауданында осы жылғы 1 февральға дейін 27,9 процент, Преснов ауданында 42,5 процент ғана орындалып отырғандығын, сонымен бірге, қартоп, овоң егін егуде ең бірінші орын алуға тиіс Петропавл ауданының өзінде қартоп тұқымын дайындау жоспарының әлі күнге орындалмай отырғандығын айтсақ та жеткілікті.

Мал шаруашылығын өркендетуде, одан алынатын өнімді арттыруда мал азығының берік базасын жасаудың зор маңызы бар. Ал, мал азығының берік қорын жасауда мал азығының дақылдарды, оның ішінде біржылдық, көпжылдық екіне шөптерді, тамыржемісті дақылдарды көп егін, олардан тұрақты және мол өнім алуға жетісу қажет. Сондықтан мал азығының дақылдардың, екіне шөптердің тұқымының жеткілікті әзірленуін қамтамасыз ету —қолхоз, МТС, совхоз басшыларының кезек күттірмейтін міндеті.

Қысқы агротехникалық шаралардың бәрін де деркесінде орындау қажет. Егіс алаңына қар тоқтату, көктемдегі қар суын бөгеуге әзірлік жүргізу, жергілікті тыңайтқыштарды дайындау, оларды егіс алаңына тасу, шірінді топырақ және көң-топырақ құмырастарында овоң дақылдарын өсіру тағы басқалары — міне, осы жұмыстардың барлығы қысқы агротехникалық шаралардың негізгі салалары болып саналады. Бұл шараларды кезінде жүзеге асыру егіннен мол өнім алуға жағдай жасайды.

Көктемгі егіске әзірлікте тракторларды, олардың тіркеу саймандарын, сондай-ақ, басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандарын деркесінде сапалы жөндеуден өткізу, тұқымды жеткілікті мөлшерде құйып, оны егіншілік сапаға жеткізу қандай қажет болса, қолхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда ауыл шаруашылығының шеберлерін даярдау да өте маңызды мәселе. Егіншіліктің мәдениетін арттыру, егіннен тұрақты және мол өнім алу —егіншілердің агротехникалық ережелерді жақсы білуіне, күрделі техникаларды ойдағыдай игеріп, оларды жұмысқа өнімді пайдалануларына, егін шаруашылығына озат ғылым мен тәжірибенің табыстарын кеңінен енгізе білулеріне байланысты. Олай болса, қолхоздарда жүргізіліп жатқан агротехникалық курстардың

Еңбекшілер өкілдерінің сайлау алдындағы округтік кеңесі ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп

Г. М. Маленковты, Н. С. Хрущевті, В. М. Молотовты, К. Е. Ворошиловты, А. И. Микоянды, Н. А. Булганинді, Л. М. Кагановичті, В. В. Губинді, Ж. Қ. Қизатовты, Н. Д. Ондасыновты ұсынуды бірауыздан қуаттады


5 Февральда, облыстық драма театры үйінде ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 618 Петропавл қалалық сайлау округінің, Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық және № 120 Петропавл селолық сайлау округтерінің еңбекшілері өкілдерінің сайлау алдындағы округтік кеңесі болып өтті. Кеңесті облысымыздағы қарт коммунист және қарт сайлаушылардың бірі Зерневич жолдас ашты. Кеңеске қатысушылар саяси зор өрлеу үстінде құрметті президиумға СОКП Орталық Комитетінің Президиумын сайлады.

Кеңесті басқарушы Г. В. Лосев жолдас сілтанқы сөзді Петропавл темір жол бөлімшесі паровоз депосының машиннигі Хохов жолдасқа берді.

Коммунистік партияның басшылығымен, дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция —ССРО Конституциясының туы астында совет халқының коммунизмінің сәулетті шыңына қарай сеніммен алға басып келе жатқанын айта келіп, Хохов жолдас паровоз депосының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына партиямыз бен үкметіміздің басшыларының есімін бірінші атағанын, хабарлады. Бұдан кейін 14 адам шығып, сөз сөйледі.

Кеңестің соңында облыстық партия комитетінің секретары Ниязбеков жолдас сөз сөйлеп, облыс сайлаушыларын сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуға, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге шақырды.

Еңбекшілер өкілдерінің сайлау алдындағы округтік кеңесі ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына ұсынылған Г. М.



Облыстық драма театрының үйінде ССРО Жоғарғы Советін сайлайтын сайлау округтері еңбекшілері өкілдерінің сайлау алдындағы округтік жыйналысы зор өрлеу үстінде өтті.

СУРЕТТЕ: сол жақта — еңбекшілер өкілдері, оң жақта —Мамлот асыл тұқымды мал совхозының озат сауыншысы П. Анохина жолдас ұсынылған кандидаттарды жақтап сөз сөйлеп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Маленков, Н. С. Хрущев, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, А. И. Микоян, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович және В. В. Губин, Ж. Қ. Қизатов, Н. Д. Ондасынов жолдастардың кандидатураларын бірауыздан қуаттады. Кеңес Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 618 Петропавл сай-

лау округінің және Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық және № 120 Петропавл селолық сайлау округтерінің барлық сайлаушыларына үндеу қабылдап, оларды коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсын-

ған кандидаттарға дауыс беруге шақырды.

Кеңеске қатысушылар еңбекшілер арасында кандидаттарды жақтаған үгіт жүргізу үшін жұрт сенген өкілдерді сайлады.

Сайлау алдындағы округтік кеңестің қарары

Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 618 Петропавл сайлау округінің, Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық және № 120 Петропавл селолық сайлау округтерінің

дағы жыйналыстарында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына бірінші кандидат етіп партия мен үкмет басшыларын Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, А. И. Микоян, Н. А.

Мамлот асыл тұқымды мал совхозының Булаев ауданының «Гигант», Преснов ауданының Маленков атындағы қолхоздарының еңбекшілерінің кандидатураларын ұсынып, оларды коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсын-

Ондасынов жолдастарды ұсыну жөніндегі қарарларын бірауыздан қуаттады.

Одақ Советінің және Ұлттар Советінің сайлауларын өткізетін № 618, 119 және

1953 жылы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындаудың қорытындылары туралы

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасының хабары

1953 жылы өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және транспорттың өркендеуі, күрделі құрылыстың өсуі, ішкі және сыртқы сауданың ұлғаюы, жұмысшылар мен қызметшілер санының көбеюі, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс деңгейінің артуы мынадай мәліметтермен сыйпатталды:

I.

Өнеркәсіпте өндіріс жоспарының орындалуы

Жалпы өнім шығарудың жылдық жоспары тұтасынан алғанда өнеркәсіпте 101 процент орындалды. Жеке министрліктер өнеркәсіптің жалпы өнім шығару жылдық жоспарын мынадай мөлшерде орындады:

1953 жылы жылдық жоспардың орындалуы проценті	1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылдың проценті
Металлургия өнеркәсіп министрлігі	99
Көмір өнеркәсіп министрлігі	99,4
Мұнай өнеркәсіп министрлігі	100,9
Химия өнеркәсіп министрлігі	102
Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігі	102
Машина жасау министрлігі	102
Транспорт және ауыр машиналар жасау министрлігі	98
ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі	99
ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі	93
ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі	104
ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі	100,5
Катынас жолдар министрлігінің өнеркәсіп орындары	104
ССРО Мәдениет министрлігінің өнеркәсіп орындары	104
ССРО Денсаулық сақтау министрлігінің өнеркәсіп орындары	102
Жергілікті және отын өнеркәсіп министрліктері мен одақтас республикалардың жергілікті өнеркәсіп министрліктері	104
Көпшілік кооперациясы	103

ССРО-ның барлық өнеркәсібінің жалпы өнімі 1953 жылы 1952 жылғымен салыстырғанда 12 процент және 1950 жылғымен салыстырғанда 45 процент артты. Бұл—өнеркәсіп өнімін арттыру жөнінде бесінші бесжылдық жоспар бойынша көзделген тапсырма ойдағыдай орындалуда деген сөз.

Өткен жылы Үкмет халықтың материалдық әл-ауқатын едәуір көтеру үшін халық тұтынатын бұйымдар өндірісін шұғыл өрлетуді жүзеге асыруға бағытталған бірсыпыра қарарлар қабылдады.

Осының нәтижесінде өнеркәсіптің тұтыну заттарын өндіретін салалары 1953 жылы және әсіресе бұл жылдың екінші жартысында 1952 жылдағыдан және 1953 жылға арналған жоспар бойынша әуел баста белгіленген қарқынынан анағұрлым шапшаң қарқынмен өркендеді. Егер өнеркәсіптің бұл салаларының өнімі 1952 жылы 10,5 процент артқан болса, 1953 жылы 12 процент артты, соның ішінде 1953 жылдың екінші жартысында 1952 жылдың екінші жартысындағымен салыстырғанда 14 процент артты.

1953 жылы өнеркәсіп өнімінің көп түрлері бойынша жоспар асыра орындалды. Мұнай, табиғат газын, сланецтер, темір және марганец рудаларын өндірудің, бензин, керосин, алюминий, электр қуатын, электр лампаларын, метал кесетін станоктар, аса қуатты бу котелдерін, дизельдер, домна және болат балқыту жабдығын, жүк және жеңіл автомобильдер мен автобустер, троллейбустер, трамвай вагондарын, трактор плугтерін мен пішен машиналарын, астық тазартқыш машиналар, картоп жыйнайтын комбайндар, экскаваторлар, трактор скреперлері мен бульдозерлер, шарик және ролик подшипниктерін, минералды тыңайтқыштар, жасанды аммиак, жасанды фенол, ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянды жәндіктерін қыруға керекті улы химикаттар, бояу және басқа химикаттар, жасанды каучук, автопокрышка, транспорттер дентасын, үй төбесін жабатын жұмсақ заттар, терезе айнегін, қағаз, спирт, өнімнің және басқа түрлерін жасау шығарудың жылдық жоспары асыра орындалды.

Жібек, жүн және зығыр маталары, мақта жіптері мен жіп бұйымдары, ішкі киімдік трикотаж, шұлық-ұйық бұйымдары, пианино мен рояльдар, шұжық тағамдары, қоюландырылған сүт, өсімдік майы, маргарин, макарон тағамдары, кондитер тағамдары, шай, жүзім шарабы, сыра, шампан шарабы, темекі, папирос, шыршы сабын, көпшілік тұтынатын басқа да азық-түлік және өнеркәсіп товарлары жылдық жоспардан артық өндірілді.

1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылдың проценті	1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылдың проценті
Стандартты үйлер	109
Спирт	118
Мақта маталары	105
Зығыр маталары	112
Жүн маталары	109
Жібек маталары	178
Былғары аяқ киім —ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі	104
Шұлық-ұйық бұйымдары	104
Ішкі киімдік трикотаж	116
Сыртқы киімдік трикотаж	103
Велосипедтер	115
Радиобақылағыштар	127
Телевизорлар	225
Патефондар	126
Тігін машиналары	124
Сағаттар	122
Фотоаппараттар	109
Пианино мен рояльдар	123
Тұрмыстық тоназытқыштар	159
Тоzaң сарғыштар	200
Металл кроватьтар	145
Мебель	114
Ет	112
Шұжық тағамдары	116
Балық	103
Сарымай	103
Сүт өнімдері	109
Өсімдік майы	116
Маргарин	124
Сыр	116
Қант	112
Кондитер тағамдары	109
Макарон тағамдары	120
Консервілер	114
Шай	106
Сабын	111
Папирос	116
Жүзім шарабы	124
Сыра	113

Ауыр өнеркәсіп пен машина жасау өнеркәсібі салаларында халық тұтынатын товарлар өндірілуі әсіресе 1953 жылдың екінші жартысында едәуір артты. 1952 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1953 жылдың екінші жартысында сағаттар жасау шығарылуы —29 процент, велосипедтер жасалуы—22 процент, радиобақылағыштар—62 процент, тұрмыстық тоназытқыштар—86 процент, металл кроватьтар—65 процент артты. Мұнымен бірге Машина жасау министрлігінің, Транспорт және ауыр машиналар жасау министрлігінің, Химия өнеркәсіп министрлігінің, Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігінің, ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігінің бірсыпыра кәсіпорындары жеке товарлар шығару жөніндегі тапсырмаларын кем орындады.

1953 жылы халық көп керек ететін ассортименттегі товарлар шығарылуы едәуір ұлғайтылды. Мысалы, 1952 жылғымен салыстырғанда мақта маталарының шығарылуы 5 процент артқан болса, әртүсті мақта маталарының шығарылуы 78 процент және жасанды жібегі бар маталардың шығарылуы 65 процент артты. Жүн маталарының шығарылуы 9 процент артқан болса, таза камволь маталарының шығарылуы 76 процент артты; жібек маталарының шығарылуы 78 процент артқан болса, штапельді жіптен тоқылған маталардың шығарылуы 2,8 есе артты; сыртқы киімдік трикотаж шығарылуы 3 процент артқан болса, таза жүнді және жартылай жүнді сыртқы киімдік трикотаж шығарылуы 12 процент артты; аяқ киім шығарылуы 4 процент артқан болса, модельді аяқ киім шығарылуы 44 процент артты; консервілер өндірілуі 14 процент артқан болса, ет консервілерінің шығарылуы 29 процент және қоюландырылған сүт шығарылуы — 21 процент артты; кондитер тағамдарының шығарылуы 9 процент артқан болса, торт, пирожный, кекс шығарылуы—28 процент, шокалад жағылған жұмсақ конфеттер шығарылуы—44 процент артты. Тамақ өнімдерін оралған, буып-түйілген түрінде шығару едәуір артты.

Өткен жылы өнеркәсіпте құрал-жабдықты пайдалану онан сайын жақсара берді. Қара металлургияда домна пештерінің пайдалы көлемін пайдалану 1952 жылғымен салыстырғанда өткен жылы 2 процент, ал мартен пешінің табанының әрбір шаршы метрінен болат алынуы 5 процент артты. Мұнай өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарында пайдалану бұрғылауының шапшаңдығы 1952 жылғымен салыстырғанда 5 процент, бардау бұрғылауының шапшаңдығы 10 процент артты. Өңделетін шикізаттан мөлдір мұнай өнімдерін шығару проценті ұлғайтылды. Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігінің электр станцияларында электр қуатын өндіруге жұмсалатын отынның үлес шығыны 1,9 процент кемітілді. Бірсыпыра өте маңызды химиялық өнімдерді жасау шығару жөнінде өндірістік қуаттар өткен жылдағыдан жақсырақ пайдаланылды. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарында айналмалы пештердің сағаттық өнімділігі—10 процент, цемент дірмендерінің өнімділігі 3 процент артты. Пештің жалпы көлемінің 1 шаршы метрінен сұйық шыны алу мөлшері артты және сұйық шыныны пайдалану коэффициенті жақсарды.

Мұнымен қабат өнеркәсіпте пайдаланылмаған өндірістік қуаттардың әлі едәуір

Алайда министрліктер машиналар мен механизмдердің жаңа түрлерін игеру және жасау шығару жөнінде белгіленген тапсырманы толық орындамады.

Өндірісті автоматтандыру, механикаландыру және жаңа технологиялық процестерді енгізу саласында едәуір жұмыс істелді.

Металлургия өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарында домна және мартен пештерінің жылу режимін автоматтандыру жөнінде жұмыстар жүргізілді. Металлургия агрегаттарының өнімділігін арттыратын алдыңғы қатарлы технологиялық процестер одан әрі өркендетілді. Болаттың қара металдар мен түсті металдар қосындыларының, сол сияқты, прокаттың жаңа профильдерінің көптеген жаңа маркаларын шығару игерілді. 1952 жылғымен салыстырғанда қара металдар мен түсті металдардың рудаларын өндірудің еңбекті көп керек ететін және ауыр процестердегі механикаландырылған жұмыстардың көлемі артты.

Көмір өнеркәсіп министрлігінің шахталарында көмір өндірудің еңбекті неғұрлым көп керек ететін жұмыстарын онан сайын механикаландыру жөнінде жұмыстар жүргізілді. 1953 жылы лаваларда көмір шабу жөніндегі жұмыстарды механикаландыру көлемі 1952 жылғымен салыстырғанда 18 процент артты, негізгі дайындық жұмыстарын атқарғанда көмір мен порода тиеу жұмысын механикаландыру 17 процент артты. Дайындық жұмыстары мен тазалау забойларының тіреулердің жаңа түрлері қолданылуда. Металл тіреулермен және темірлі бетон бағаналарымен бекітілген дайындық жұмыстарының көлемі 1952 жылғымен салыстырғанда 36 процент артты.

Мұнай өнеркәсібінде бұрғылаудың турбиналы әдісін қолдану ұлғайтылды. Сквжиналарды бұрғылаудың көтеріңкі шапшаңдығын қамтамасыз ететін бұрғылаудың жеделдетілген режимін қолданатын станоктар саны 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылдың аяғында бір жарым есе көбейді. Қабат қысымын сақтау әдістерін және суды, газды, ауаны мұнай қабаттарына өткізу арқылы мұнай өндірудің екінші әдістерін қолдану кеңейтілді, мұның өзі мұнай өндіруді молайтуға және мұнай қабаттарын пайдалануды арттыруға мүмкіндік берді.

Химия өнеркәсібінде 1953 жылы неғұрлым берік және айқын бояуыш заттардың жаңа маркаларын өндіруді игеру есебінен жасанды бояуыш заттардың ассортиментін онан сайын жақсарту жұмысы жүргізілді.

Бу электр станцияларында жоғары қысымды және жоғары температурадағы буды қолдану артты. Бірсыпыра ірі электр станцияларында котел цехтарын комплексті автоматтандыру жүзеге асырылды, соның ішінде барлық негізгі процестерді, дистанциялық басқаруды бақылау және сигнализация ісі автоматтандырылды. Су электр станцияларын телемеханикалық басқаруға көшіру жөнінде жұмыстар жүргізілумен болды.

Машина жасау өнеркәсібінде металл құю, ұста-дүкөндік, термикалық, механикалық және жыйнау цехтарында алдыңғы қатарлы техникалық процестер бұрынғыдан әрі қолданылды. Машина жасау заводтарын жоғары өнімді агрегатпен және арнаулы станоктармен, автомат және жартылай автомат жабдықпен, детальдерді механикалық өңдеуде және бұйымдарды жыйнауға үздіксіз және автомат линияларымен жабдықтау жұмысы жүргізілді.

Цемент, шыны және керамика өнеркәсібінде автоматтандыру және дистанциялық басқару жөнінде жұмыстар жүргізілді. Цемент өнеркәсібінің кәсіпорындары қуатты жаңа пештермен жабдыкталып отырды. Автоматтандыру процесі жоғары дәрежеге жеткізілген конвейерде тегістелген шыныны механикаландырылған әдіспен жасау шығару, қаптауға жұмсалатын керамиканы механикаландырып өндіру игерілді; пәтер-үй және өнеркәсіп құрылысы үшін ірі габаритті темірлі-бетон бөлшектерін жаппай механикаландырып жасау шығару игерілді.

Мұнымен қабат 1953 жылы бірсыпыра министрліктер жаңа технологиялық процестерді енгізу, өндірісті автоматтандыру және механикаландыру жөніндегі жоспарлы тапсырмаларын толық орындамады. Әсіресе көмір, ағаш, шымтезек және кеңруда өнеркәсіп салаларында еңбекті көп керек ететін және ауыр жұмыстарды механикаландыру жөніндегі тапсырмалардың орындалуы қанаттанғысыз.

Өнеркәсіпте еңбектің электрмен қарулануы бір жұмысшыға шаққанда 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 7 процент артты.

Халық шаруашылығының барлық салаларында еңбекшілердің өнертабу және жаңалық табу қызметі артты. 1953 жылы өнеркәсіпте, құрылыста және транспортта енгізілген жаңалықтардың, техникалық жетілдірудің және жаңалық табу ұсыныстардың саны 850 мыңнан асты.

IV.

Ауыл шаруашылығы

рын орындаудың керекті шараларын істемеді және жоспардың орындалуын қамтамасыз етпеді. Мысалы, Металлургия өнеркәсіп министрлігі өнімнің бірешыра түрлерін және әсіресе қара металдар прокатының кейбір тапшы түрлерін, электр станциялар және электр өнеркәсібі министрлігі генераторлар мен электр моторларының жеке түрлерін, машина жасау министрлігі бірқатар ауыл шаруашылық машиналары мен тоқыма құрал-жабдықтарын, транспорт және ауыр машина жасау министрлігі — паровоздардың және энергетика, прокат құрал-жабдығының жеке түрлерін, ССРО құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі — кірпіш, шифер, кейбір санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру жоспарын кем орындады. ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі өңдеуге жарайтын ағашты тасу жоспарын орындамады. ССРО азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі балық аулау жоспарының орындалуын қамтамасыз етпеді.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көп кәсіпорындары заттардың сапасын біраз жақсартқан жағдайында ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің және әсіресе кәсіпшілік кооперациясы мен жергілікті өнеркәсіптің көптеген кәсіпорындары әлі де болса өнімнің біраз бөлегінің сапасын қанағаттанғысыз, халықтың тілегіне сай келмейтін түрде шығарып келді, товарларды өңдеу және сыртқы көрінісін әсемдеу ісін жақсарту үшін жеткілікті шаралар істемеді. Атап айтқанда, сапасыз аяқкиім, мебель, фарфораянс ыдысын жасап шығарушылық әлі бар, нашар жасалған және көрікісіз мата шығару, сол сыяқты, үлкен ақаулары бар тігін және трикотаж бұйымдарының шығаруы әлі де орын алуда.

Жұмысты біркелкі істемейтін және жоспарды орындамайтын едәуір кәсіпорындарының болуы өнеркәсіптің бірешыра салаларында өндірістің өсуін бөген келді.

Көптеген кәсіпорындар, әсіресе машина жасау заводтары айдан-айға өнімнің біркелкі шығарылауына жол беріп отырды—айдың алғашқы онкүндігінде жұмысты айдың соңғы күндеріндегіден анағұрлым төмен дәрежеде істеді. Дайын өнімнің мұндай біркелкісіз шығарылуы кәсіпорының жұмыс режимін бұзады, құрал-жабдықтың, жұмысшы күшінің бос тұрып қалуына, өндірістік қуаттардың кем пайдаланылуына, брақтың көбеюіне, мерзімнен тыс істеген жұмыстар үшін артық ақы төлеуге апарып соғады, мұның өзі, кезегінше, транспортқа жүк жеткізудің және жүк тиеудің біркелкісіз болуына апарып соғады.

Көмір, металлургия, химия, ағаш дайындау өнеркәсіптерінде және құрылыс материалдары өнеркәсібінде, сол сыяқты халық шаруашылығының басқа да бірешыра салаларында мемлекеттік жоспарлы тапсырмаларын орындамай отырған және өнеркәсіп өндірісінің дәрежесін, бұл салалардың жұмысының сапа көрсеткіштерін төмендетіп отырған артта қалған едәуір кәсіпорындары әлі бар.

II.

Өнеркәсіп өнімін шығарудың өсуі

1953 жылы өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін шығару 1952 жылғымен салыстырғанда мынадай мөлшерде артты.

1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылдың проценті	1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылдың проценті
Шойын	109
Болат	110
Прокат	110
Болат трубалар	116
Мырыш	113
Қорғасын	122
Көмір	106
Мұнай	112
Бензин	111
Керосин	123
Электр қуаты	113
Бу турбиналары	140
Ірі гидротурбиналар	135
Турбогенераторлар	147
Гидрогенераторлар	115
Ірі электр машиналары	134
Электромоторлар	113
Магистраль паровоздары	263
Магистраль электровоздары	134
Магистраль товар вагондары	103
Троллейбустар	121
Жүк автомобильдері	111
Жеңіл автомобильдер	130
Автобустар	127
Мотоциклдер	137
Шарик және ролик подшипниктері	115
Металлургия құрал-жабдығы	118
Экскаваторлар	112
Мұнай аппаратурасы	117
Металл кесетін станоктер	114
Химия құрал-жабдығы	124
Тоқыма станоктері	102
Есеп машиналары	124
Тракторлар	113
Астық комбайндары	102
Трактор плугтері	101
Өздігінен жүретін пішен машиналары	146
Зығыр комбайндары	107
Қызылша комбайндары	150
Дән тазартқыш машиналар	102
Каустикалық сода	115
Кальцийлі сода	119
Минерал тыңайтқыштар	109
Ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянды жәндіктерін қыруға керекті улы химикаттар	143
Жасақты каучук	113
Автопокрышкалар	107
Қағаз	110
Цемент	115
Терезе айнегі	122
Шифер	122
Үй төбесін жабатын жұмсақ заттар	114
Кірпіш	112

рін пайдаланудың белгіленген нормаларын орындамады; Көмір өнеркәсіп министрлігінің шахталарында көмір комбайндарының, көмір тиейтін және порода тиейтін машиналардың пайдаланылуы қанағаттанғысыз; Мұнай өнеркәсіп министрлігі барлау бұрғылауының шапшаңдығы жөніндегі жылдық тапсырманы орындамады; Машина жасау өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарында станок және ұста-пресс-күрал-жабдығының паркі толық пайдаланылмайды; ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігінің ағаш дайындау орындарында қолда бар машиналар мен механизмдердің пайдаланылуы қанағаттанғысыз.

1953 жылы ССРО халық шаруашылығы жабдықтаудың мемлекеттік жоспарына сәйкес шикізатты, материалдарды, отынды, электр қуатын және құрал-жабдықты 1952 жылдағыдан анағұрлым көп алды. Өткен жылы әсіресе ауыл шаруашылығы үшін, өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндіру үшін керекті материалдар мен құрал-жабдық жеткізу арттырылды.

1953 жылы өнеркәсіп өнімінің өзіндік құны 5 проценттен аса кемітілді. Алайда өнеркәсіпте өзіндік құнды кеміту жөніндегі тапсырма орындалмады. Өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі жоспарды әсіресе ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі, Металлургия өнеркәсіп министрлігі, Көмір өнеркәсіп министрлігі, Транспорт және ауыр машина жасау өнеркәсіп министрлігі қанағаттанғысыз орындады.

Өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырмалардың қанағаттанғысыз орындалуы — көп кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру жоспарлары орындалмағандығының, шикізат материалдарын және отын жұмсаудың белгіленген нормалары орындалуын қамтамасыз етпегендіктің салдары, осының салдарынан материалдық және ақшалай құрал-қаражат артық жұмсалды; сонымен қабат брактан ұсырап болды, өкімшілік-шаруашылық және үстеме шығындар артық жұмсалды.

III.

Халық шаруашылығына жаңа техниканың енгізілуі

1953 жылы халық шаруашылығының барлық салаларында жаңа техниканы өркендету және енгізу жөнінде жұмыс жүргізілді.

Отандық машина жасау өндірісі 1953 жылы халық шаруашылығының техникалық жағынан онан сайын алға басуын қамтамасыз ететін машиналар мен механизмдердің 700-дей өте маңызды жаңа түрлері мен маркаларын жасады, соның ішінде жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін жоғары өнімді құрал-жабдықтың 100-тен астам жаңа түрлерін жасады.

Энергетика, электротехника, мұнай, химия және металлургия жабдығының, көмір шахталарындағы, кен-руда кәсіпорындарындағы және құрылыстағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін керекті жабдықтың жаңа түрлері жасалды.

Тоқыма, мех және тігін өнеркәсіптері үшін машиналардың, агрегаттардың және установкаардың жаңа түрлері, соның ішінде жоғары өнімді есу машиналары, өнімділігі арттырылған түту машинасы, жіп иіруге арналған өте шапшаң істейтін шпихта машинасы, жүнге арналған бояушы-өру машинасы, түкті мата-ларды және басқаларын өңдейтін машиналар және басқалары жасалды. Еңбек өнімділігін арттыруға көмектесетін, еңбек жағдайларын жеңілдететін, өнімнің жоғары сапалы болуын қамтамасыз ететін жаңа машиналар, агрегаттар мен автоматтар үздіксіз енгізіліп отырды.

Азық-түлік товарлары өндірісі үшін тамақ өнімін ыдысқа құю, тығындау және өңдеу жөніндегі жаңа, анағұрлым жетілдірілген және өнімді автомат линиялары, сооскалар жасап шығару үшін, жас балықты тоңазыту және жыйнау үшін керекті құрал-жабдықтың жаңа түрлері, тамақ заттарының бірнеше түрлері үшін ыдысқа салып, буып-түю автоматтары, овоңь кентіретін кәсіпорындар жабдығының жаңа түрлері жасалды. Азық-түлік товарлары өнеркәсібінің кәсіпорындары кондитер тағамдары мен сыра өндіруде, сонымен қатар, ііс сабын жасап шығаруда автомат линияларымен жабдықталып отырды. Маргаринді, шайды қағазға салып орау және балықты бантау жөніндегі өте өнімді автоматтардың бірнеше түрлері өндіріске енгізілді.

Ауылшаруашылық жұмыстарын онан сайын механикаландыру және комплексті механикаландыру ісін жүзеге асыру мақсатымен 1953 жылы ауылшаруашылық машиналары мен құралдарының әр түрінің 80-нен астам үлгісі жасап шығарылды. Бұлардың қатарына мыналар қосылады: қатты жер қыртыстарында жұмыс істеуге арналған картоп жыйнау комбайны, қапуста жыйнау машинасы, ДТ—54 тракторына тіркелетін бең алымды пішен машинасы және сүрленетін шөп жыйнайтын комбайн, әкті және минерал тыңайтқыштарды шапшып-тегетін машина, элеваторлық көпелегіш және басқалары. Төрт қатарлы картопеккіштерді тұңғыш рет сериялап шығару ұйымдастырылды, мұның өзі картопты шаршы-ұялы әдіспен егуге және сонымен қабат тыңайтқыштарды енгізуге мүмкіндік береді, тракторлық және кранды көпелегіштер, жұмсақ жер қыртысына арналған жүгері жыйнайтын комбайндар мен картоп жыйнайтын комбайндар жасалды.

миллион 400 мың гектар ұлғайтылды. Өте-өте бағалы дәнді дақыл — бидайдың егісі 2 миллион гектар ұлғайтылды. Қант қызылшасының, майлы дақылдардың, картоптың, овоңьтардың және бақша дақылдарының егістері кеңейтілді, көпжылдық шөптердің шабылатын көлемі ұлғайды, біржылдық шөптердің, малазығындық тамыр жемістері мен сүрленетін дақылдардың егіс көлемі артты, бірақ мұнымен қатар шамақты зығыр, конопля, картоп пен овоңь егу жөніндегі жоспарда белгіленген тапсырмалар толық орындалмады.

Еліміздің бірешыра аудандарында ауа райы жағдайы қолайсыз бола тұрса да, 1953 жылы дәнді дақылдардың түсімі 1952 жылдың түсіміне жуық болды. 1952 жылғымен салыстырғанда, мақтаның, қант қызылшасының, күнбағыстың, овоңьтың және бақша дақылдарының нақтылы түсімі артты, картоп 1952 жылы қанша жыйналған болса, сол шамада жыйналды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО-ның ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысына сәйкес 1953 жылдың өзінде-ақ ауыл шаруашылығына едәуір көмек көрсетілді.

1953 жылы ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы өбін нығайды. Өткен жылы ауыл шаруашылығы жалпы жұмыс атқаратын 139 мың трактор (15 аттық күші бар трактор есебімен алғанда) және 18 мың отамалы егіс тракторын, 41 мың астық комбайнын, оның ішінде 22 мың өздігінен жүретін комбайн, 69 мың жүк автомобилін және 2 миллионнан астам топырақ баптайтын құрадарды, тұқым себу, егін жыйнау және басқа ауылшаруашылық машиналарын, сол сыяқты, мал фермаларына арналған машиналар мен құрал-жабдықтар алды. 1953 жылы колхоздар мен совхоздар 6 миллион тоннадан астам минералды тыңайтқыштар алды, бұл — өткен жылдағыдан 15 процент артық.

Күздік дақылдар егумен және 1954 жылдың жаздық дақылдарын егуге арнап топырақты әзірлеумен байланысты күздік жұмыстар колхоздар мен совхоздарда өткен жылдардағымен салыстырғанда анағұрлым қысқа және ең жақсы агротехникалық мерзімдерде жүргізілді. 1953 жылдың күзінде колхоздар мен совхоздарда зябь 1952 жылдың күзіндегіден 13 миллион гектар және қара пар 3,5 миллион гектар артық жыртылды. Алайда зябь және қара пар жырту жөніндегі жоспар бойынша белгіленген тапсырмалар кем орындалды.

Ауыл шаруашылығының техникалық қарулануының артуы колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру дәрежесін көтеруге мүмкіндік берді. Машина-трактор станциялары 1953 жылы колхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарын 1952 жылдағыдан 17 процент артық атқарды. Өткен жылы машина-трактор станциялары өздерінің трактор және машина паркмен колхоздардағы барлық негізгі егіс жұмыстарының 80 проценттен астамын орындады. Колхоздарда пар мен зябь жырту толық дерлік механикаландырылды, күздік дақылдар егу 93 процент, жаздық дақылдар егу 83 процент механикаландырылды. Барлық дәнді дақылдардың 77 проценті комбайнмен жыйналды; қант қызылшасы егісінің 80 проценттейі қызылша комбайнымен және тракторға тіркелетін қызылша қазғышпен жыйналды. Шамақты зығыр егу және жыйнау, картоп пен овоңь отырғызу және жыйнау, мақта жыйнау жөніндегі жұмыстардың, сол сыяқты, шөп жыйнау және жемшөп сүрлеу жөніндегі жұмыстардың механикаландырылуы артта қалуда.

1953 жылы машина-трактор станциялары 8 мың колхоз мал фермаларында сумен жабдықтау ісін механикаландыру үшін құрал-жабдық орнату жөнінде, 15 мың фермада жемшөпті булау үшін, 6 мың фермада жай малазығын ұқсату үшін, 4 мың фермада сыйыр малын автосуатпен суару үшін, 1 мың фермада сыйырды машинамен сауу үшін құрал-жабдықтар орнату жөнінде жұмыс атқарды.

Алайда машина-трактор станциялары 1953 жылы картоп жыйнау, зығыр түту аңызды сыдыра жырту, шабылған пішенді жыйнау, жемшөп сүрлеу және колхоз мал фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөніндегі жұмыс жоспарларын кем орындады.

Колхоздар мен совхоздарда егіншілікте және мал фермаларында еңбекті көп керек ететін өндірістік жұмыстарды механикаландыру үшін электр қуатын қолдану артты, бірақ ауылшаруашылық өндірісін электрлендіру жөніндегі тапсырма толық орындалмады.

Колхоздардың қоғамдық малының саны 1952 жылғы 1 октябрдегімен салыстырғанда 1953 жылы 1 октябрде мынадай мөлшерде: сыйыр—8 процент, қой—9 процент және шошқа—10 процент көбейді. ССРО Совхоздар министрлігінің совхоздарында 1952 жылдың 1 октябрінен 1953 жылдың 1 октябріне дейін сыйыр—9 процент, қой—11 процент, шошқа—8 процент көбейді.

Шаруашылықтардың барлық категорияларында — колхоздарда, совхоздарда, колхозшыларда және жұмысшылар мен қызметшілерде маңызы жаппы саны — 1953 жылғы 1 октябрдегі мал санағының мәліметтері бойынша мынадай болды: сыйыр малы —63 миллион, оның ішінде сауын сыйыр—26 миллион, шошқа —47,6 миллион, қой мен ешкі—135,8 миллион, жылқы —16,2 миллион.

1953 жылы өнім беретін мал санының анағұрлым көбеюіне байланысты, Үлмет сыйыр малының, шошқаның, қой мен ешкінің 1954 жылға арналып бұрын қабылдаған жоспарын арттырды.

1953 жылы ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындаудың қорытындылары туралы

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасының хабары

(Соңы. Басы 2-бетте).

Колхоздарға агрономиялық және зоотехникалық көмекті күшейту үшін 1953 жылдың аяғында ауылшаруашылық органдарын қайта құрудың нәтижесінде босаған қызметкерлердің есебінен және басқа мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істеген мамандардың колхоздарға жұмыс істеуге ауысуының есебінен колхоздарды қамғу үшін МТС-терге 100 мыңнан астам агроном мен зоотехник жіберілді. Мұның үстіне, өнеркәсіптен және халық шаруашылығының басқа салаларынан МТС-терге директор, бас инженер және жөндеу мастерскойларының меңгерушісі болып жұмыс істеу үшін, сол сияқты басқа да қызмет орындарында жұмыс істеу үшін көптеген инженерлер мен техниктер жіберілді.

V.

Темір жол, су жолы және автомобиль транспорты тасымалының өсуі

Темір жол транспортының жүк айналымының 1953 жылға арналған жылдық жоспары асыра орындалды. 1952 жылғымен салыстырғанда жүк айналымы 7 процент артты.

Ортаулықтық жүк тиеудің жалпы жоспарын темір жол транспорты 101 процент орындады. Мұнай және мұнай өнімдерін, қара металдар, минерал-құрылыс материалдарын, руда, флюс, кокс, химиялық және минералдық тыңайтқыштар, астық нан ұн, тұз, қант тиеу жоспары толық және асыра орындалды. Ағаш жүктерін, ағаш отын, цемент, отқа төзімділер, қара металдардың сынығын, шымтезек, мақта тиеу жоспары орындалмады, сол сияқты, Көмір өнеркәсіп министрлігінің шахталарынан таскөмірді тасу жоспары орындалмады.

Темір жолдарда барлық жүктердің ортаулықтық тиеуі 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 7 процент артты, мұнымен бірге таскөмір тиеу — 5 процент, мұнай мен мұнай өнімдерін тиеу — 13 процент, қара металдар — 9 процент, ағаш жүктері — 2 процент, цемент — 13 процент, отқа төзімді заттар — 6 процент, руда — 9 процент, флюс — 8 процент, кокс — 9 процент, химиялық және минералдық тыңайтқыштар — 7 процент артты.

Ұн, қант, ет, өсімдік майы, темекі-махорка шикізатын және темекі заттарын, макарон, шай, жеміс және өсімдік тиеу 15—26 процент артты.

Жүк вагоны айналымының орта мезгілі 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 3 процент қысқартылды, алайда вагон айналымы тездету жөніндегі тапсырма біраз кем орындалды. Жүк поездары жүрісінің коммерциялық шапшаңдығы 1953 жылымен салыстырғанда 1953 жылы артты, бірақ 1953 жылға арналған жоспарлы тапсырма орындалмады. Вагондардың жүк тиеуде және техникалық станцияларда бсе тұруы 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы кеміді, бірақ вагондардың жүк тиеуде бсе тұруын кеміту жөнінде 1953 жылға арналған тапсырма жүк желітүсілер орындамады.

Жүк паровозының ортаулықтық жүрісі 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы артты, бірақ 1953 жылға арналған жоспарлы тапсырма орындалмады. Темір жолдарда бір тонна-километрге жұмсалған отын 1952 жылғымен салыстырғанда 3 процент кемітілді.

Теңіз және өзен флоты министрлігі жүк айналымы жөніндегі жылдық жоспарды тұтас алғанда 100,2 процент орындады.

Теңіз транспорты жүк айналымы жөніндегі жоспарды 102 процент және жүк тасымалы жөнінде — 103 процент орындады. Теңіз транспортының жүк айналымы 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 9 процент және жүк тасымалы 10 процент артты.

Өзен транспорты жүк айналымы жөніндегі жоспарын 99 процент және жүк тасымалы жөнінде 100,6 процент орындады. Мұнай және мұнай өнімдерін, ағаш жүктерін, руданы, минерал-құрылыс материалдарын, мақтаны, балықты және балық өнімдерін тасымалдаудың жоспары асыра орындалды. Таскөмір астық жүктерін, тұзды, картопты тасымалдау жоспары орындалмады. Өзен транспортында жүк айналым мен жүк тасымалы 1952 жылғымен салыстырғанда артты.

Автомобиль транспортының жүк айналымы 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 13 проценттен аса артты.

1953 жылы халыққа мемлекеттік және кооперативтік сауда тарапынан сатылған товар (салыстырмалы бағамен алғанда) 1952 жылдағыдан 21 процент артық, соның ішінде екінші жарты жылда 1952 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 26 процент артық болды. Бұл арада селолық жерлерде сауда жүргізетін тұтынушылар кооперациясының товар сатуы 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 24 процент, соның ішінде екінші жарты жылда 1952 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 30 процент артты.

1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы кейбір азық-түлік товарларының сатылуы мынадай мөлшерде артты: ет және ет өнімдері—36 процент, балық және балық өнімдері—8 процент, сарымай—36 процент, өсімдік майы және басқа тамақ майлары—19 процент, сыр—28 процент, жұмыртқа—16 процент, қант—23 процент, кондитер тағамдары—12 процент, шай—16 процент, жеміс және баянша тағамдары—43 процент, овощ—25 процент артық сатылды.

1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы мына өнеркәсіп товарларының сатылуы едәуір мөлшерде артты: мақта маталары—22 процент, жүн маталары—18 процент, жібек маталары—45 процент, киім—29 процент, трикотаж бұйымдары—23 процент, шұлық пен ұйық—31 процент, былғары аяқкиім—29 процент, сағаттар—38 процент, тігін машиналары—34 процент, мебель—39 процент, тозаңсорғыштар—2,3 есе, патефондар—30 процент, радиоқабылдағыштар—32 процент, соның ішінде телевизорлар—64 процент, велосипедтер—16 процент, мотоцикл—55 процент, жеңіл автомобильдер—2,6 есе артық сатылды. 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы өндірістік-шаруашылық маңызы бар товарлардың: жүк автомобильдерінің, тақтайдың, іске жарамды ағаштың, цементтің, терезе әйнегінің, шифердің, үй төбесін жабатын жұмсақ заттардың, шегенің, үй төбесін жабатын қаңылтырдың бөлшектеп сатылуы едәуір мөлшерде артты.

1953 жылы мемлекеттік және кооперативтік сауданың сауда жүргізетін орындары көбейтілумен болды. Бір жылдың ішінде 6 мыңдай магазин ашылды. Қалаларда, жұмысшы поселкелерінде және селолық жерлерде арнаулы магазиндер едәуір көбейді.

Алайда халықтың кейбір товарларды керексінуі жеткілікті қанағаттандырылмай отыр. Сауда ұйымдарының халықтың керексінуін зерттеуі нашар және товарларды бөлуде, тасып жеткізуде қателіктерге жол беруде. Бөлшек сауда орындарын орналастыруда елеулі кемшіліктер бар. Сауда ұйымдарының халыққа сату үшін өнеркәсіп жеткізетін товарлардың сана үшін күрес жүргізуі нашар.

1953 жылы сауда ұйымдарында айналым шығындары 1952 жылғымен салыстырғанда кемі тұрса да, әлі де жоғары қалпында қалды: айналым шығындарын кеміту жоспары орындалмады.

1953 жылы колхоз рыноктерінде ауыл шаруашылық өнімдерін сату ұлғаюмен болды, әсіресе бидай ұнын, шошқа етін, жұмыртқа, күс етін, овощ пен жеміс сату едәуір артты. Колхоз рыноктерінде ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы кеміді.

Сыртқы сауда саласында Совет Одағы 1953 жылы, өткен жылдардағыдай, шетел мемлекеттерімен экономикалық байланыстарды кеңейтумен болды. 1953 жылы бойына Совет Одағы 51 шетел мемлекетімен сауда жүргізді, соның өзінде 25 елмен сауда жыл сайынғы және көпжылдық сауда келісімдері негізінде жүргізілді. Соғыстан кейінгі жылдардың ішінде тұңғыш рет Индиямен, Франциямен, Аргентинамен, Грециямен және Исландиямен товар айналымы туралы келісімдер жасалды.

Совет Одағының сыртқы сауда айналымы 1952 жылғы 20,8 миллиард сомның орнына 23 миллиард сомға дейін өсті, яғни 11 процент артты. Соның өзінде сыртқы сауда айналымы (салыстырмалы бағамен алғанда) 1953 жылы соғыстан бұрынғы дәрежесінен 4 еседей асып түсті.

Совет Одағының демократиялық лагердегі елдермен сауда айналымының оңай сайын ұлғаюмен қатар Батыс Еуропаның, Таяу және Орта Шығыстың бірқатар елдерімен сауда айналымы едәуір артты. Бұл арада шетелге шығарылатын және шетелден әкелінетін товарлар саны оған әрі көбейді.

VIII.

Жұмысшылар мен қызметшілер санының көбеюі және еңбек өнімділігінің артуы

ССРО халық шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны едәуір көбейіп, 1953 жылдың аяғында 44 миллион 800 мың адам болды.

Үкметтің заем шығару сомасын азайту туралы қарарына байланысты 1953 жылы жұмысшылардың, қызметшілердің және шаруалардың заемға жазылу жарналары едәуір азайды.

Тұтас алғанда ақпандай жалақыны арттыру, халық тұтынатын товарлардың бағасын кеміту, мемлекет есебінен берілетін төлемдер мен жеңілдіктерді арттыру есебінен жұмысшылар мен қызметшілердің нақты табысы, жұмыс істейтін бір адамға есептегенде, бір жылдың ішінде 13 проценттен аса артты.

Мемлекеттік тұрғын үйлер құрылысына жұмсалған күрделі қаржы 1953 жылы 11 процент артты. Мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, жергілікті Советтер, сонымен қатар қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқы мемлекеттік пенсиянің көмегімен 1953 жылы жалпы көлемі 28 миллион шаршы метрден аса тұрғын үйлер салды.

1953 жылы және әсіресе осы жылдың екінші жартысында шаруалардың табысы едәуір артты.

Мемлекеттік бөлшек сауда бағасын кемітумен бірге колхоздар мен колхозшылар мемлекетке міндетті түрде тапсыратын еттің, сүттің, жүннің, картоп пен овощтың дайындау бағасы мемлекеттік бюджет есебінен және айналым шығындарын азайту есебінен едәуір арттырылды. Дайындау бағасынан едәуір асып түсетін баға бойынша мемлекет тарапынан ет, сүт, овощ пен картоп сатып алу системасы енгізілді.

Колхозшылардың жеке меншігіндегі көмекші шаруашылықтарынан алынатын міндетті төлемдердің нормалары кемітілді, әрбір колхозшы үйінен алынатын ауылшаруашылық салығы кемітілді, өткен жылдардан жыйналмай қалған ауылшаруашылық салығы жөніндегі бересілер толығымен шегерілді. Мұның үстіне, колхозшылар шаруашылықтарының мемлекетке міндетті түрде малшаруашылық өнімдері мен картоп тапсыру жөнінде өткен жылдардан қалған барлық берешектері алычбайтын болып шегерілді, сол сияқты колхоздардың міндетті түрде картоп пен овощ тапсыру жөніндегі өткен жылдардан қалған берешектері алынбайтын болып шегерілді. Міндетті түрде тапсырылатын өнімдердің мөлшерін азайтуға байланысты колхоздар мен колхозшылар товарлы өнімнің едәуір бөлегін мемлекеттік көтеріңкі сатып алу бағасы бойынша мемлекетке сатуға мүмкіндік алды. Колхоздар мен колхозшылар өнім дайындау жоспарларын орындаған кезде бірқатар басқа да материалдық жеңілдіктер алды.

Колхоздар мен колхозшыларды экономикалық жағынан ынталандыру жөніндегі жоғарыда көрсетілген шараларды, сонымен қатар салық саясаты саласындағы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде колхоздар мен колхозшылардың табысы 1953 жылы 13 миллиард сомнан аса артты.

Мұның үстіне, шаруалар 1953 жылы мемлекеттік бөлшек сауда бағасын кемітуден едәуір пайда көрді, бұл баға шаруалар сатып алатын товарлар жөнінде орта есеппен 11 процент кемітілді.

Жұмысшылар мен қызметшілер сияқты, шаруалар да тегін медициналық көмекпен, тегін оқумен, оқушыларға берілген стипендиямен, көп балалы және жеке басты аналарға берілген жәрдеммен пайдаланды және басқа төлемдер мен жеңілдіктер алды. Мемлекет есебінен шаруаларға берілген осы төлемдер мен жеңілдіктердің көлемі 1953 жылы, оның алдындағы жылмен салыстырғанда, бағаның кемігенін есепке алғанда, 14 процент артты.

Мұнымен қатар 1953 жылы селолық жерлерде жаңадан 400 мыңнан аса тұрғын үйлер салынғаны да шаруалар табысының артқанын сыйпаттайды.

ССРО халқы тұтас алғанда 1953 жылы, әлеуметтік-мәдени шаралар жөніндегі мемлекет шығындарының, бөлшек сауда бағасын кеміту жөніндегі бюджет шығындарының және еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған басқа шығындардың артуына байланысты, мемлекеттік бюджеттен 1952 жылғы 147 миллиард сомның орнына 195 миллиард сом ақша алды. Оның бер жағында еңбекшілер өздерінің жеке табыстарынан салықтар мен алымдар түрінде, сондай-ақ заемға жазылу жарнасы түрінде бюджетке 65 миллиард сом қаржы берді, яғни мұның алдындағы жылғыдан 21 миллиард сом кем берді. Сонымен, 1953 жылы жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер өздерінің жеке табыстарынан бюджетке берген қаржысынан, 1952 жылғы 61 миллиард сомның орнына

Күрделі құрылыстың өсуі

Халық шаруашылығы бойынша мемлекеттік күрделі қаражаттардың көлемі 1952 жылғымен салыстырғанда 1953 жылы 104 процент болды.

1952 жылғымен салыстырғанда қара металлургия мен түсті металлургияға, электр станцияларына, машина жасау өндірісіне, отын, химия өнеркәсібіне, ағаш және қағаз өнеркәсібіне, құрылыс материалдары өндірісіне, ауыр өнеркәсіптің басқа да салаларына жұмсалған күрделі қаражат артты.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары құрылысына жұмсалған мемлекеттік күрделі қаражаттың көлемі бір жылдың ішінде өткен жылдың күрделі қаражатының көлемінен 8 процент артты, соның ішінде екінші жарты жылда 1952 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10 процент артты. 1953 жылы халық тұтынатын товарлар өндіру жөнінде жаңадан 300-дей мемлекеттік өнеркәсіп орындары іске қосылды. Сауда кәсіпорындарының құрылысына жұмсалған күрделі қаражат 1953 жылы 35 процент, соның ішінде екінші жарты жылда 48 процент артты.

Мәдениет-тұрмыс құрылысына жұмсалған күрделі қаражат көлемі 1953 жылы 22 процент артты. Өткен жылы мектептер, ауруханалар мен емханалар, демалыс үйлерін, санаторийлер, балалар бақшалары мен яслилерін, пионер лагерлерін салу жөнінде, кинолар мен театрлар және басқа мәдени тұрмыс кәсіпорындары мен мекемелерін салу жөнінде едәуір жұмыстар жүргізілді.

Бірақ халық шаруашылығы бойынша күрделі қаражат жұмсау және өндірістің қуаттарды іске қосу жоспары 1953 жылы кем орындалды. Әсіресе Құрылыс министрлігі, Металлургия өнеркәсіп министрлігі, Көмір өнеркәсіп министрлігі, Мұнай өнеркәсіп министрлігі, Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігі, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі, ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі бойынша жоспар едәуір кем орындалды.

Құрылыс ұйымдары 1953 жылы көптеген жоғары өнімді машиналар мен механизмдер алды. Эскаваторлардың қазіргі қолда бар паркі 1952 жылғымен салыстырғанда 23 процент көбейді, бульдозерлер 18 процент, мұнаралық крандар —40 проценттен аса көбейді; басқа да құрылыс машиналары мен механизмдерінің паркі едәуір көбейді. Алайда көп құрылыстарда машиналар мен механизмдер толық пайдаланылмайды, еңбекті көп керек ететін және ауыр жұмыстарды механикаландыру ісі жеткіліксіз жүргізілуде, құрылыс жұмыстарын көмектесті механикаландыруды енгізу жөнінде белгіленген жоспар орындалмай келеді.

Көптеген құрылыс ұйымдары құрылыс-монтаж жұмыстарын және жұмысшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етпеді, осының салдарынан өткен жылы салынып болуға тиісті толып жатқан үйлер мен құрылыстар 1953 жылы салынып бітпей қалды. Көп құрылыстарда едәуір бос қарап тұрушылыққа жұмысшы күшінің тұрақтамауына жол берілді, еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырмаларды орындауды қамтамасыз етілмеді, қаражат артық жұмсалды және құрылыс құнының кемітілмегені былай тұрсын, қайта бірсыпыра реттерде құрылыс жұмыстарының тіпті қымбаттап кетуіне жол берілді.

VII.

Ішкі және сыртқы сауданың өсуі

1953 жылы совет саудасы онан сайын өрістетіле берді. 1953 жылға арналған бөлшек сауда товар айналымының жоспары асыра орындалды.

Өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісін өркендетудегі елеулі табыстар негізінде, Үкмет 1953 жылғы 1 апрельден бастап азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек-сауда бағасын карточка системасы жойылғаннан кейін жаңадан алтыншы рет кемітті. Бағаның жаңадан кемітілуі совет жомын онан сайын нығайтуға және еліміздің халқының тұрмыс дәрежесін мықтап арттыруға қолдау берді.

1953 жылы Үкмет халыққа сату үшін товар қорларын молайтудың шараларын істеді, осының нәтижесінде сауда ұйымдары 1953 жылы апрель—декабрьде халыққа сату үшін бөлінген 312 миллиард сомдық товарларға қосымша, апрель—декабрьде 33 миллиард сомның халық тұтынатын товарларын алды. Бұл арада ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі, Машина жасау министрлігі, Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігі және бірсыпыра басқа министрліктер халыққа сату үшін қосымша товарлар жеткізу жөніндегі тапсырманы кем орындады.

1953 жылы халыққа товар сатылуы 1952 жылғымен салыстырғанда едәуір артты. Бұған халық тұтынатын товарлар өндірісінің өсуі, сонымен қабат мемлекеттік басқа қорларды жұмылдыру нәтижесінде қол жетті, соның өзінде халыққа ең жақсы сортты және өте-мөте жоғары сапалы товарлар сату арттырылды.

құрылыстарды МТС-тердің тұрақты жұмысшыларының қатарына ауыстыруға байланысты, сонымен қатар мамандар санының көбейтілуіне байланысты—машина-трактор станцияларының тұрақты қызметкерлерінің саны 1952 жылдың аяғындағымен салыстырғанда, 1953 жылдың аяғында 1 миллион 400 мың адам көбейді.

1953 жылы, бұдан бұрынғы жылдардағы сыяқты, елімізде жұмыссыздық болған жоқ.

Өткен жылы 320 мың маман жас жұмысшылар қолөнер, теміржол, кенөнеркәсіп училищелерін, фабрика-заводтық оқу мектептері мен кен-өнеркәсіп мектептерін бітіріп, өнеркәсіпте, құрылыста және транспортта жұмыс істеуге жіберілді.

Жеке-бригадалық оқыту және курста оқыту жолымен 1953 жылы жеті жарым миллион жұмысшылар мен қызметшілердің мамандығы арттырылды және оқытылды.

Еңбектің техникамен қарулану ісінің өсуі және жұмысшылардың мамандығы артуы негізінде өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 1952 жылмен салыстырғанда 1953 жылы 6 процент, құрылыста—4 процент артты. Бірақ еңбек өнімділігін арттыру жоспары өнеркәсіп пен құрылыста толық орындалмады. Транспорт және ауыр машиналар жасау министрлігі, ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі, Көмір өнеркәсіп министрлігі, Металлургия өнеркәсіп министрлігі, Машина жасау министрлігі, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, құрылыс министрлігі еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы қанағаттанғысыз орындады.

IX.

Ұлттық табыстың өсуі және халықтың материалдық, мәдени тұрмыс дәрежесінің артуы

Өткен жылы жұмысшылардың, шаруалардың және интеллигенцияның материалдық жағдайы онан әрі жақсарып, мәдени дәрежесі арта түсті.

ССРО-ның ұлттық табысы 1953 жылы, 1952 жылмен салыстырғанда, 8 процент артты. Соның өзінде еңбекшілердің қарамағына түскен ұлттық табыстың үлес салмағы артты, ал мемлекет қарамағында қалған ұлттық табыстың үлес салмағы біраз азайды.

Халық тұтынатын товарлардың мемлекеттік бөлшек сауда бағасы 1952 жылдан көп мөлшерде және товарлардың неғұрлым көп түрлері бойынша кемітілді. Бағаның осы кемітілуінен халықтың мемлекеттік және кооперативтік сауда жағынан ғана көрген тікелей пайдасы, 1952 жылы бағаны кемітуден кейін халықтың бір жыл есебімен алғандағы 24 миллиард сом пайдасының орнына, бір жыл есебімен алғанда 50 миллиард сомнан асып түсті.

Ұлттық табыстың артуы және Үкмет жүргізген шаралар жұмысшылар мен қызметшілердің табысын, шаруалардың табысын онан әрі молайтуды қамтамасыз етті.

Жұмысшылар мен қызметшілердің жалақы қоры 1953 жылы, 1952 жылмен салыстырғанда, 5 процент артты, ал орта айлық ақшадай жалақы—2 процент артты.

Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы едәуір дәрежеде көбінесе халық тұтынатын товарлар бағасын кеміту есебінен артты. Ақшадай жалақы орта есеппен 2 процент артқан болса, жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы бағаны кеміту есебінен тағыда 10 процент артты.

Мұның үстіне, жұмысшылар мен қызметшілер 1953 жылы мемлекеттік бюджеттен және кәсіпорындардың қаржысы есебінен едәуір төлемдер мен жеңілдіктер алды, оның көлемі бір жұмысшы мен қызметшіге есептегенде, бағаның кемігенін еске ала отырып, бұдан бұрынғы жылмен салыстырғанда, 11 процент артты. Жұмысшылар мен қызметшілер бұдан бұрынғы жылдардағы сыяқты, әлеуметтік халықпен қамсыздандыру және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдемдер мен пенсиялар алды, көп балалы және жеке басты аналарға жәрдем берілді, оқушыларға стипендия төленді, жұмысшылар мен қызметшілер медициналық тегін көмек алды, санаторийлер мен демалыс үйлерінде тегін және жеңілдік берілген бағамен путевкалар алды, тегін оқып, мамандықтарын арттырды және басқа бірқатар төлемдер мен жеңілдіктер алды. ССРО-ның барлық жұмысшылары мен қызметшілері, жалақысы зақталып, уақытығы кемінде екі апталық демалыспен пайдаланды, ал бірсыпыра кәсіптегі қызметкерлер бұдан анағұрлым ұзақ демалыспен пайдаланды.

Халықтың қаржысы едәуір көбейді. Осы жыйнақ ақшасының өсуі 1952 жылғы 4,5 миллиард сомның орнына, 1953 жылы 12 миллиард сомнан асып түсті.

Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысының өсуі және шаруалар табысының артуы негізінде жұмысшылардың, қызметшілердің және шаруалардың жалпы табыс сомасы 1952 жылмен салыстырғанда 1953 жылы 13 процент артты.

1953 жылы мәдени құрылыстар онан әрі арттырылып, совет халқының мәдени дәрежесі арта түсті.

Орта білім алу ісінің өркендеуіне байланысты орта мектептердің 8—10 кластарында оқушылардың саны 1952 жылмен салыстырғанда 1 миллион 307 мың адам, соның ішінде селолық жерлерде 518 мың адам көбейді.

Республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік орталықтар мен ең ірі өнеркәсіп орталықтарында жеті жылдық оқудан жалпыға бірдей орта білім алуға кешу жөнінде алға қойылған міндетке сәйкес бұл қалалардағы 8—10 кластарда оқушылардың саны 1953 жылы 34 процент көбейді.

Орта мектептердің 10-шы кластарын бітіргендер 1952 жылмен салыстырғанда 40 процент көбейді.

Жоғары оқу орындарында (сырттан оқытуды қосқанда) 1 миллион 562 мың студент оқыды, яғни 1952 жылғыдан 120 мың адам артық болды. Техникумдар мен басқа орта дәрежелі арнаулы оқу орындарында (сырттан оқытуды қосқанда) 1 миллион 644 мың адам оқыды, яғни 1952 жылғыдан 166 мың адам артық болды. Өткен жылы жоғары және арнаулы орта оқу орындары 500 мыңнан аса жас мамандар даярлап шығарды. Жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер жанында даярланып жатқан аспиранттардың саны көбейді.

Халық шаруашылығында жұмыс істейтін, толық жоғары немесе техникалық орта білімі бар мамандардың жалпы саны 1953 жылы 1952 жылғыдан 8 процент артық болды.

Еңбекшілерді өндірістен қол үзбей оқыту ісі онан әрі ұлғайтылды. Кемші және сырттан оқытатын жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, жұмысшы және сәуір жастарының жалпы білім беретін мектептерінде оқушылардың саны 1952 жылмен салыстырғанда 17 процент көбейді.

1953 жылы елімізде 1 миллиардтан аса кітаптары бар 380 мың барлық түрдегі кітапханалар болды, соның ішінде селолық жерлерде 285 мың кітапхана болды.

Киноустановақалардың саны 51 мыңнан асып, 1952 жылмен салыстырғанда екі мың көбейді. Бірақ, киноустановақалар санының жалпы көбейгеніне қарамастан, кино орындарының жұмысында, әсіресе селолық жерлерде елеулі кемшіліктер бар. Киноустановақалардың көпшілігі біркелкі жұмыс істемеді, ал олардың кейбіреулері ұзақ уақыт қарап тұрды.

1953 жылдың жазында 5 миллион 500 мыңнан аса балалар мен жасөспірімдер қала сыртындағы және қалалардағы пионерлер лагерлерінде, балалар санаторийлерінде, экскурсия-туризм базаларында тынықты, немесе жазғы уақытта балалар бақшаларымен, балалар үйлерімен және балалар яслилерімен бірге ұйымдастырылған түрде дачаларға барып тынықты.

1953 жылы ауруханалар, әйелдер босанатын үйлер, диспансерлер және басқа емдеу мекемелері, сондай-ақ санаторийлер мен демалыс үйлері онан әрі ұлғайтылды. Дәрігерлер саны 1952 жылмен салыстырғанда 11 мыңнан аса көбейді. Ауруханалар мен әйелдер босанатын үйлердегі төсектер саны 1952 жылмен салыстырғанда 60 мыңнан аса көбейді. Санаторийлер мен демалыс үйлеріндегі орындар саны 12 мың дерлік көбейді. Балалар яслилері мен балалар бақшаларының жүйесі ұлғайтылды. Өте пайдалы емдеу-профилактика құралдарының, диагноз қоятын және емдейтін аппараттарының, сондай-ақ медициналық аспап-құралдардың өндірісі едәуір арттырылды.

Өткен жылы қалаларды, поселкелерді және селолық аудан орталықтарын көркейту, коммуналық кәсіпорындар салу, су проводтарын, канализация салу, мейіздер, кіржуатын орындар, қонақүйлер және колхозшылар үйлерін салу, трамвай, троллейбус және автобус қатынасын ұлғайту, тұрғын үйлерге газ беру және жылыту жөнінде жұмыстар істелді. Мұнымен қатар қалалардың көшелері мен алаңдарына тас төсеу, асфальттау, қалалар мен поселкелерді көгалдандыру, бульварлар, скверлер мен парктер жасау жөнінде де зор жұмыстар жүргізілді.

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасы.

